

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1123 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "КолосС" баспасы" ЖШҚ (Мәскеу қаласы) білім беру ұйымдарын сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар оқу әдебиетімен қамтамасыз ету бойынша тауарлар мен қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес білім беру ұйымдары заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 020 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 9

қ а з а н д а ғ ы

N

1 1 2 3

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Білім беру ұйымдарының тізбесі

1) "С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) "С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті"

республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

4) "Қазақ ұлттық аграрлық университеті" республикалық қазыналық кәсіпорны;

5) "Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

6) "М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

7) "С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

8) "Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) "Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

10) "М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.